

«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



**2026-2030 ЖЫЛДАРДАҒЫ АЙТУЛЫ ЖӘНЕ ЕСТЕ
ҚАЛАТЫН КҮНДЕР
КҮНТІЗБЕСІ**

(Алматы облысы архив мекемелерінің қорлары бойынша)



Бас редактор – Г.И. Кулмуханбетова

Құрастырушылар:

А. Жунусова (жауапты), Р. Калдыбекова, А. Донбаева,

Күнтізбе Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорындағы құжаттар мен материалдар бойынша анықталып, 2026-2030 жылдары аталып өтетін және еске алынатын күндермен таныстырады.

«Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сараптау тексеру комиссиясының 2025 ж. 08 қазандағы мәжілісінің № 08 хаттамасымен келісілген.

КІРІСПЕ

Осы **2026-2030 жылдардағы айтулы және есте қалатын күндер күнтізбесіне** Алматы облысының мемлекеттік архиві және оның филиалдарының қорлары бойынша анықталған, республика және облыс көлемінде аталып өтетін және еске алынатын күндер енгізілді. Мұндай күндер әдетте, қоғамға белгілі тарихи оқиғалар, оның ішінде облыстың тарихы, саяси-қоғамдық, мәдени өміріне қатысты атаулы, еске түсіретін даталар. Сонымен қатар осы күнтізбеге Алматы облысының архивтерінің жеке қор жасаушылары, республикаға, облысқа аттары мәлім Ұлы Отан соғысының ардагерлері, қоғам, мемлекет қайраткерлері, өнер тарландары, жазушылар, ұстаздар және т.б. жеке тұлғалардың мерейтойлары да берілді.

Күнтізбені шығарудағы мақсат – Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорындағы құжаттарды насихаттау, архивтік деректерді ғылыми зерттеулік, ағартушылық жұмыстарда пайдалану болып табылады.

Бұл Күнтізбені туған өлкенің тарихы қызықтыратын тұлғаларды ақпаратпен қамтамасыз етуде, архивистер үшін құжаттарды жан-жақты пайдалану және басып шығаруды жоспарлауда, яғни, ақпараттық хаттар жазғанда, конференциялар, көрмелер ұйымдастырғанда, мақалалар, радио, телехабарлар, кездесулер, экскурсиялар т.б. жұмыстар дайындағанда құжаттарды іріктеуге көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

Құрал 5 жыл (2026-2030) мерзімді қамтиды. Ол кесте түрінде жасалды:

1-ші баған – Оқиға күні

2-ші баған – Оқиға атауы

3-ші баған – Іздестіру мағлұматтары атты 3 бағанға деректер жылдармен, хронология бойынша, ал бір жыл ішінде айларға қарай орналасқан.

Күнтізбенің кіріспесі, қысқартылған сөздер тізбесі және мазмұны бар.

**2026-2030 жылдарда Алматы облысы архив мекемелерінің қорлары бойынша
аталып өтілетін айтулы және еске алатын күндер**

Оқиға күні	Оқиға атауы	Іздестіру мағлұматтары
1	2	3
2026 жыл		
«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ		
06.05.1931 жыл	«Алматы мемлекеттік табиғи қорығы» РММ құрылғанына 95 жыл	АОМА 667-қор
Жеке тектік қор иелері		
1886 жыл	Жетісу облыстық әскери-революциялық комитетінің бірінші төрағасы, Жетісу пошта-телеграф трактісі басқармасының бастығы Кислов Георгий Тимофеевичтің туғанына 140 жыл	АОМА 619-қор
1901 жыл	Жетісуда комсомолды ұйымдастырушылардың бірі, Қызыл Армия бөлімшелерінің саяси қызметкері, қоғам қайраткері, Талдықорған облысының Құрметті азаматы Каюшин Леонид Яковлевичтің туғанына 125 жыл	АОМА 2209-қор
1906 жыл	Өлкетанушы, партия-шаруашылық қызметкері, Жаркент уезі Түркістан майданының Жетісудағы Шығыс азамат соғысына 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан, шекара әскерінің майоры Қыйлыбаев Рахымжан Қилыбайұлының туғанына 120 жыл	АОМА 684-қор
08.09.1911жыл	316-атқыштар дивизиясы, 1075-атқыштар полкі, 4-ротасының политругі, Совет Одағының Батыры, 1941 жылғы 16 қарашадағы Москва түбіндегі 28 батыр- панфиловшылардың тарихи ұрысына қатысып, ерлікпен қаза тапқан Клочков Василий Георгиевичтің туғанына 115 жыл	АОМА 756-қор

1	2	3
1916 жыл	Комсомол және кәсіподақ қызметкері, Қазақстан Компартиясы Алматы обкомының инструкторы, Ардагерлер Кеңесінің мүшесі болған Хасанова Анна Мингажқызының туғанына 110 жыл	АОМА 864-қор
12.05.1921жыл	Алматы облысы Шелек аудандық «Колхозчилар әмгеги» газетінің редакторы, Шелек аудандық ауылшаруашылық қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің төрағасы. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ардагері Ыдырысов Омар Ыдырысұлының туғанына 105 жыл	АОМА 637-қор
1921 жыл	Алматы облысы, Кеген ауданының партия және кеңес қызметкері, Алматы облысы архив бөлімінің бастығы қызметін атқарған, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ардагері Серкебаев Сәдуақас Серкебайұлының туғанына 105 жыл	АОМА 586-қор
05.02.1936 жыл	Ардагер ұстаз, Алматы облысы, Іле ауданының Құрметті азаматы, Ардагерлер кеңесінің төрайымы, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері белгісінің иегері Кененқызы Төрткен 90 жаста	АОМА 2284-қор
14.03.1936 жыл	Қазақ КСР Есептеу Басқармасының бастығы, гидротехник, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің және «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері Жиенбаев Ғазиз 90 жаста	АОМА 2330-қор
12.09.1946 жыл	Халықаралық байланыстар бойынша оқымысты- маман, тарих ғылымының кандидаты, Қазақстан Республикасы Бейбітшілік және келісім кеңесі төрағасының бірінші орынбасары болған Әзербает Салават Губайдуллаұлы 80 жаста	АОМА 2286-қор

1	2	3
<i>Жамбыл филиалы</i>		
<i>23.07.1981 жыл</i>	«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ <i>Жамбыл филиалының құрылғанына 45 жыл</i>	Жамбыл филиалы
<i>1921 жыл</i>	Жамбыл филиалының жеке қор құрушысы, ұстаз, жазушы <i>Қожабек Ахметовтың туғанына 105 жыл</i>	Жамбыл филиалы 148–қор
<i>Кеген филиалы</i>		
<i>18.06.1986 жыл</i>	«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ <i>Кеген филиалының құрылғанына 40 жыл</i>	Кеген филиалы 1 – қор
<i>Қонаев қаласының филиалы</i>		
<i>10.02.1971 жыл</i>	«Қапшағай қалалық құрылыс комбинатына» <i>55 жыл</i>	Қонаев қаласының филиалы 134-қор
<i>06.08.1971 жыл</i>	«Қапшағай қалалық суландыру жүйесі басқармасына» <i>55 жыл</i>	Қонаев қаласының филиалы 53-қор
<i>00.00.1971 жыл</i>	«Қапшағай қаласының тұрғын үй департаментіне» <i>55 жыл</i>	Қонаев қаласының филиал 232-қор

1	2	3
2027 жыл		
«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ		
10.03.1932 жыл	«Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ құрылғанына 95 жыл	АОМА 385-қор
10.03.1932 жыл	Алматы облысының құрылғанына 95 жыл	АОМА 685- қор 972-қор
21.02.1992 жыл	«Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ құрылғанына 35 жыл	АОМА 1090-қор
30.10.1992 жыл	ҚР «Қаржы министрлігі қаржылық бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы» ММ құрылғанына 35 жыл	АОМА 820-қор
1932 жыл	«Алматы облысының Қаржы басқармасы» ММ құрылғанына 95 жыл	АОМА 773-қор
1932 жыл	«Алматы облысының ауылшаруашылық басқармасы» ММ құрылғанына 95 жыл	АОМА 448-қор
1932 жыл	«Алматы облысының білім басқармасы» ММ құрылғанына 95 жыл	АОМА 499-қор
1932 жыл	Алматы облыстық сотының құрылғанына 95 жыл	АОМА 830-қор
1932 жыл	«Алматы облыстық прокуратурасы» ММ құрылғанына 95 жыл	АОМА 408-қор
Жеке тектік қор иелері		
1892 жыл	Азамат соғысы жылдарында Жетісу облысы әскерінің басшысы, партия қызметкері, Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің мүшесі (1939-1941) Яковлев Григорий Афанасьевичтің туғанына 135 жыл	АОМА 1416-қор

1	2	3
1907 жыл	Тарихшы, экономист, Қазақстанның Халық-ағарту ісінің комиссары, Халық комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары, Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы, Еңбек ардагері, Алматы қаласының Құрметті азаматы Әбдіхалықов Мұхамеджанның туғанына 120 жыл	АОМА 2280-қор
1917 жыл	Тарихшы, тарих ғылымының кандидаты, доцент, Абай атындағы ҚазПИ оқытушысы, ҚазКСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ардагері Ахметжанов Ахметқанның туғанына 110 жыл	АОМА 881-қор
14.09.1922 жыл	Тарихшы-архивист, публикатор-археограф, ҚР-ның архив ісінің ардагері Митропольская Наталия Борисовнаның туғанына 105 жыл	АОМА 1337-қор
15.09.1922 жыл	Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымының кандидаты, Қазақстан Компартиясы Алматы, Жамбыл және Шымкент обкомдарының бірінші хатшысы (1959-1985). Осы облыстардың Құрметті азаматы, КСРО және ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің бірнеше шақырылымының депутаты, Социалистік Еңбек Ері, бес мәрте Ленин орденінің кавалері, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ардагері Аскаров Асанбай Асқарұлының туғанына 105 жыл	АОМА 1252-қор
22.12.1922 жыл	Кеңес және партия қызметкері, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесіне депутат, Алматы облысы Ақсақалдар кеңесінің бірінші төрағасы болған Батталханов Заманбек Батталханұлының туғанына 105 жыл	АОМА 919-қор

1	2	3
14.04.1927 жыл	Зоотехник, Сөгеті совхозының директоры, ҚР-ның ауыл шаруашылығына еңбек сіңірген қызметкер, Алматы облысы және Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы, Еспергенов Сағыныш Еспергенұлының туғанына 100 жыл	АОМА 2276-қор
05.05.1927 жыл	Ұлы Отан соғысының ардагері, Жамбыл ауданы, Дегерес совхозының директоры қызметін атқарған Қалибеков Сәтімбай Қалибекұлының туғанына 100 жыл	АОМА 2318-қор
15.08.1927 жыл	Мемлекет қайраткері, ҚазКСР Сыртқы істер министрі (1973), КСРО-ның Мали Республикасындағы және Марокко Корольдігіндегі Төтенше және өкілетті елшісі (1976-1983), тарих ғылымының кандидаты Фазылов Мәлік Сабырұлының туғанына 100 жыл	АОМА 894-қор
15.07.1927 жыл	Қазақ ономастикасының негізін қалаушы, ғалым, тілші, түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы мен Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері Жанұзақов Телғожа Сейдінұлының туғанына 100 жыл	АОМА 2329-қор
09.05.1937 жыл	Педагог-ғалым, әдіскер, биология ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор Обаев Сәкен Несіпбайұлы 90 жаста	АОМА 2300-қор
16.07.1937 жыл	Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, сазгер Өрісбаев Құдайберген Қашқынбайұлының туғанына 90 жыл	АОМА 2299-қор
11.05.1947 жыл	Суретші, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, Алматы облысының және Талдықорған қаласының Елтаңбаларының авторы Қиқымов Хамза Қалиұлы 80 жаста	АОМА 2320-қор

1	2	3
1952 жыл	Тарихшы-архивист, публикатор-археограф, ҚР-ның архив ісінің ардагері <i>Митропольская Татьяна Борисовнаның туғанына 75 жыл</i>	АОМА 1337-қор
<i>Қонаев қаласының филиалы</i>		
15.04.1977 жыл	«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ <i>Қонаев қаласы филиалының құрылғанына 50 жыл</i>	Қонаев қаласының филиалы 143 – қор
<i>Талғар филиалы</i>		
27.06.1937 жыл	Оташы дәрігер, Алматы облыстық Кеңес депутаты, Кеңес одағының ең жоғарғы «Ленин» орденінің иегері, Алматы облысының Райымбек, Талғар ауданының Құрметті азаматы, ҚР Ұлттық Медициналық Ассоциясының «Алтын дәрігер» төс белгісінің иегері <i>Алимов Мұхтар Әлімұлы 90 жаста</i>	Талғар филиалы 104– қор
23.12.1987 жыл	«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ <i>Ұйғыр филиалының құрылғанына 40 жыл</i>	Ұйғур филиалы 143 – қор

1	2	3
2028 жыл «Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ		
27.10.1918 жыл	М. Бейсебаев атындағы Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің құрылғанына 110 жыл	АОМА 876-қор
03.04.1963 жыл	Қаскелең селосының аудандық бағыныстағы қала санатына жатқызылғанына 65 жыл	АОМА 2118-қор
11.10.1968 жыл	Есік селосының аудандық бағыныстағы қала санатына жатқызылғанына 60 жыл	АОМА 596-қор
30.07.1993 жыл	«Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ құрылғанына 35 жыл	АОМА 1024-қор
21.01.2003 жыл	«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ құрылғанына 25 жыл	АОМА 1081-қор
Жеке тектік қор иелері		
1903 жыл	Жетісуда комсомолды ұйымдастырушылардың бірі, Азамат соғысына қатысқан, Қазақстан КП Алматы, Қарағанды, Қостанай обкомдарының жауапты партия қызметкері, жазушы-публицист, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, Әміров Хусайынбектің туғанына 125 жыл	АОМА 1238-қор

1	2	3
1913 жыл	ҚазКСР Жоғары Кеңесі Президиумының хатшысы, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі, Халық ағарту саласының озаты, Алматы облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының директоры, 1 және II шақырылған ҚазКСР Жоғары Кеңесінің депутаты болған Нұрмағамбетов Садық Құсайынұлының туғанына 115 жыл	АОМА 1240-қор
09.04.1923 жыл	Оқымысты-металлург, техника ғылымының докторы, ҚР ҰҒА академигі, КСРО Мемлекет сыйлығының лауреаты Ни Леонид Павловичтің туғанына 105 жыл	АОМА 2269-қор
09.05.1923 жыл	Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының солисі, ҚазКСР еңбек сіңірген әртісі, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ардагері, опера әншісі Роза Жаманованың жолдасы Қошмұханбетов Бахытбектің туғанына 105 жыл	АОМА 1327-қор
25.09.1923 жыл	Ұлы Отан соғысының ардагері, «Ленин», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, Кеген ауданының «Жылысай», «Октябрь» колхоздарының төрағасы, Жалаңаш ауылдық Кеңесінің Төрағасы қызметтерін атқарған, Райымбек ауданының Құрметті азаматы Қожашев Жартыбай Қожаұлының туғанына 105 жыл	АОМА 2350-қор
1923 жыл	Ұлы Отан соғысының ардагері Игібаев Өміржанның туғанына 105 жыл	АОМА 758-қор
16.04.1928 жыл	Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық опера және балет театрының солисі, педагог, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, КСРО-ның халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚазКСР Жоғары Кеңесінің депутаты (1963-1967) Жаманова Роза Үмбетқызының туғанына 100 жыл	АОМА 1327-қор

1	2	3
03.05.1928 жыл	«Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері», орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Жақыпбекова Ханишайым Жақыпбекқызының туғанына 100 жыл	АОМА 511-қор
15.10.1928 жыл	Журналист, «Жетісу» газетінің бас редакторы, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Бейсенов Пернебек Бейсенұлы туғанына 100 жыл	АОМА 883-қор
1928 жыл	Қазақтың ақыны, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, Жамбыл атындағы республикалық сыйлықтың иегері Әлімқұлов Нұрсұлтанның туғанына 100 жыл	АОМА 754-қор
22.12.1933 жыл	Қазақ әдебиетінің классигі, ақын Ілияс Жансүгіровтың қызы, дәрігер-терапевт, медицина ғылымының кандидаты, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Патенттану, еңбекті ғылыми-медициналық ақпарат қызметінің басшысы болған Жансүгірова Үміт Илиясқызының туғанына 95 жыл	АОМА 1293-қор
23.12.1933 жыл	Оқытушы - пианист, Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның әлеуметтік фортепиано кафедрасының профессоры Курсанова Эльвира Александровнаның туғанына 95 жыл	АОМА 2273-қор
06.05.1938 жыл	Белгілі жазушы, журналист-публицист, Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың лауреаты, екі мәрте Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері, Алматы облысының және Алматы облысы Райымбек ауданының Құрметті азаматы Қауынбаев Төлен Қауынбайұлы 90 жыл	АОМА 1975-қор
1938 жыл	Республикалық «Ұлы дала» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Республикалық «Бәйдібек баба» қоғамдық қорының президенті, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі, Жамбыл облысының Құрметті азаматы, көсемсөздің жүйрігі, күйші, сазгер Аманұлы Жарылқасын туғанына 90 жыл	АОМА 2333-қор

1	2	3
1943 жыл	Еңбек ардагері, Ұлы жүз, Албан тайпасынан тараған Жәнібек руының шежіресін жинақтаушы Нұрмұханбетов Әбілқасым Молдаәлімұлы 85 жаста	АОМА 2272-қор
1943 жыл	Кеңес Одағының оқу-ағарту ісінің үздігі, Іле ауданында қазақ сыныптарының ашылуына үлес қосқан, ардақты ұстаз Қорғанбаев Әбдібайдың туғанына 85 жыл	АОМА 2325-қор
27.11.1953 жыл	Хоккейші, көгалды хоккейден халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ҚР-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Азия хоккей федерациясы кеңесінің мүшесі Шаймерденов Саян Сафуанұлының туғанына 75 жыл	АОМА 2278-қор
Іле филиалы		
17.07. 1928 жыл	Іле ауданына 100 жыл	Іле филиалы 107-қор
Қонаев қаласының филиалы		
1948-1984 жж.	Жеке қор иесі, аудандық еңбек ардагері, аудандық және кеңес депутаты, Қапшағай қалалық соғыс және еңбек ардагерлер кеңесінің төрағасы Ливерий Игнатьевич Павловтың туғанына 80 жыл	Қонаев қаласының филиалы 233 – қор
Райымбек филиалы		
31.01.2023 жыл	«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ Райымбек филиалының құрылғанына 5 жыл	Райымбек филиалы 143 – қор

1	2	3
2029 жыл «Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ		
1919 жыл	«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ 110 жыл	АОМА
22.12.1959 жыл	Талғар селосының аудандық бағыныстағы қала санатына жатқызылғанына 70 жыл	АОМА 1755-қор
07.03.1994 жыл	«Алматы облыстық мәслихатының аппараты» ММ құрылғанына 35 жыл	АОМА 1078-қор
19.01.1999 жыл	«Нұр Отан» (Аманат) партиясының құрылғанына 30 жыл	АОМА 2324-қор
Жеке тектік қор иелері		
1909 жыл	Қазақстанда биология ғылымының негізін салушылардың бірі, биология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, ҚР-ның еңбек сіңірген қайраткері Қылышев Лұқпан Қылышұлының туғанына 120 жыл	АОМА 850-қор
1914 жыл	Әйгілі шахтер, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер Шаимов Ескендір Шаимұлының туғанына 115 жыл	АОМА 2271-қор
30.03.1914 жыл	Агроном, селекционер, Алматы облысы Талғар ауданы «Горный гигант» колхозы төрағасының орынбасары, Қаскелең ауданы «Таугүл» гүл өсіру совхозының директоры, 1937 жылы репрессияға ұшырап, 1993 жылы ақталған Еришов Василий Александровичтің туғанына 115 жыл	АОМА 2277-қор
12.05.1924 жыл	Ұстаз, этнограф, археолог, тарих ғылымының докторы, С.М. Киров атындағы ҚазМУ тарих факультетінің деканы (1973-1986), 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер Шалекенов Уахит Хамзаұлының туғанына 105 жыл	АОМА 768-қор

1	2	3
24.08.1929 жыл	Партия және кеңес қызметкері, Алматы облысының «Құрметті азаматы» <i>Кәріпжанов Тоқтарбек Кәріпжанұлының туғанына 100 жыл</i>	АОМА 511-қор
1929 жыл	Журналист, жазушы, Қазақстан Компартиясы Орталық Компартиясы Орталық комитетінің мүшесі, республика Жоғарғы Кеңесінің бірнеше дүркін депутаты, Қазақстан журналистер одағына басшылық еткен. «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы » ордендерімен марапатталған, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген құрметті атақ берілген <i>Қыдырбекұлы Балзабектің туғанына 100 жыл</i>	АОМА 2327-қор
25.08.1934 жыл	Алматы облыстық комсомол комитетінің хатшысы, Балқаш ауданының «Құрметті азаматы» <i>Оралбаев Совет Оспанұлының туғанына 95 жыл</i>	АОМА 2298-қор
1934 жыл	КСРО Халық дәрігері <i>Мәдиева Загина Мәдиқызының туғанына 95 жыл</i>	АОМА 757-қор
1939 жыл	ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Жоғарғы мектебі ҰҒА – ның корреспондент – мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор <i>Қалиев Байынқол 90 жаста</i>	АОМА 2331-қор
09.03.1939 жыл	Жазушы, филология ғылымының кандидаты, өлкетанушы <i>Мамытбек Қалдыбай 90 жаста</i>	АОМА 2289-қор
1944 жыл	Аға ұстаз, Кеңес Одағының оқу-ағарту ісінің үздігі <i>Акиагүл Тажимагамбетованың туғанына 85 жыл</i>	АОМА 2325-қор
1954 жыл	Суретші, КСРО Суретшілер одағының мүшесі, Алматы театр-сурет институтының оқытушысы <i>Ахатбакиев Ахметжан 75 жаста</i>	АОМА 915-қор

1	2	3
Балқаш филиалы		
21.02.1989 жыл	«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ Балқаш филиалының құрылғанына 40 жыл	Балқаш филиалы
Қонаев қаласының филиалы		
1944-1995 жж.	Қапшағай қаласының соғыс және еңбек ардагері кеңесінің төрайымы, Қазақ КСР халыққа білім беру ісінің үздігі, «Қарлығаш» балалар бақшасының меңгерушісі қызметтерін атқарған Қапшағай қаласының Құрметті азаматы Фархинур Муллахметовна Валееваның (Мулюкова) туғанына 85 жыл	Қонаев қаласындағы филиал 166 – қор
1959 жыл	Ұстаз-ақын, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, көркем-публистикалық жинақтардың авторы, Қазақ Жазушылар Одағының мүшесі Жақиянова Алтыншаш Жұманқызы туғанына 70 жас	Қонаев қаласындағы филиал 240 – қор
Қарасай филиалы		
06.01.2014 жыл	«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ Қарасай филиалының құрылғанына 15 жыл	Қарасай филиалы
Кеген филиалы		
02.05.1914 жыл	Бухгалтер, Экономист, Көлбастау колхозының басқарма төрағасы, Республикалық дәрежегі дербес зейнеткер, жеке қор иесі Қанаділ Әбдікеримовтың туғанына 115 жыл	Кеген филиалы 113 – қор

1	2	3
	2030 жыл «Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ	
15.03.1950 жыл	«Өрлеу» Біліктілігін Арттыру Ұлттық орталығы» АҚ филиалы – Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының құрылғанына 80 жыл	АОМА 4-қор
23.05.1950 жыл	ҚР «Қаржы министрлігі мүлік және жекешелендіру комитетінің Алматы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» ММ құрылғанына 80 жыл	АОМА 1237-қор
21.02.1990 жыл	«Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті» РММ құрылғанына 40 жыл	АОМА 288-қор
07.02.1995 жыл	«Алматы облысы бойынша қазынашылық департаменті» ММ құрылғанына 35 жыл	АОМА 898-қор
	Жеке тектік қор иелері	
1885 жыл	РСДЖП мүшесі (1905), Мәскеу қаласындағы РКП (б) ОК жанындағы Шығыс халықтарының Орталық бюросы төрағасының орынбасары (төрағасы И.В.Сталин) (1918-1919), репрессияға ұшыраған (1937), ақталған (1988) Ялымов Ғазиз Абдулкереіұлының туғанына 145 жыл	АОМА 1077-қор
1895 жыл	Партия қызметкері, 1920 жылдан СОКП мүшесі, 1923 жылы «Қосшы» одағының Алматы уездік-қалалық комитетінің төрағасы, ауылшаруашылық саласының басшы қызметтерін атқарған, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушы Тасанбеков Иген Кәрімбайұлының туғанына 135 жыл	АОМА 2270-қор

1	2	3
09.05.1905 жыл	Тарихшы, тарих ғылымының докторы, С.М. Киров атындағы ҚазМУ тарих факультетінің деканы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер <i>Ақынжанов Мұсатай Бекболатұлының туғанына 125 жыл</i>	АОМА 1023-қор
10.11.1910 жыл	Филология ғылымының докторы, ғалым-педагог, ұлттық мектептерде орыс тілін оқытудың қазіргі заманғы әдістемесінің негізін салушы <i>Тұрсынов Дәрігүл Тұрсынұлының туғанына 120 жыл</i>	АОМА 2279-қор
31.08.1915 жыл	Инженер-геолог, Сібір мен Қазақстанның темір жолдары мен көлік жолдарын салу бойынша ізденуші және жобалаушы, «Қазақстанның құрметті жол салушысы» <i>Сербенко Владимир Иосифовичтің туғанына 115 жыл</i>	АОМА 1249-қор
1915 жыл	Қаржыгер, Алматы қаласы бақылау-қаржы басқармасының бас ревизоры, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер <i>Жүсіпғалиев Нұролла Ғаниұлының туғанына 115 жыл</i>	АОМА 865-қор
26.07.1925 жыл	Ғалым-агроном, экономика ғылымының кандидаты, Алматы облысының Құрметті азаматы, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ардагері <i>Ұларақов Қазтай Нұрманбетұлының туғанына 105 жыл</i>	АОМА 1328-қор
07.11.1925 жыл	Жазушы, драматург, қазіргі заманғы ұйғыр әдебиетінің негізін салушылардың бірі, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, Шығыс Түркістанның Ұлттық Армиясының офицері, ұйғыр меценаттарының «Ильхам» клубының лауреаты <i>Зұлфықаров Мәсімжан Шәмиұлының туғанына 105 жыл</i>	АОМА 1046-қор
1930 жыл	Кеңес және партия қызметкері, философия ғылымының кандидаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілікті қорғау комитетінің мүшесі <i>Балтағұлов Ізбасар Балтағұлұлының туғанына 100 жыл</i>	АОМА 945-қор

1	2	3
<i>1930 жыл</i>	Алматы облысының Құрметті азаматы, партия қызметкері, ҚазКСР-ның еңбек сіңірген зоотехнигі <i>Ерсалиев Әзтай Меңлибайұлының туғанына 100 жыл</i>	АОМА 2267-қор
<i>1930 жыл</i>	Мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР-ның еңбек сіңірген экономисі, ҚазКСР Еңбек және әлеуметтік мәселелер, кәсіби-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитеттердің төрағасы, Шымкент облыстық атқару комитетінің төрағасы, Қазақстан кәсіпкерлері конгрессінің президенті, Қазақстанның «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының бірінші төрағасы <i>Жандосов Санжар Оразұлының туғанына 100 жыл</i>	АОМА 720-қор
<i>15.03.1935 жыл</i>	Ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, «Ғылым қайраткері» номинациясы бойынша «Алтын адам» атағының иегері <i>Нұрпейіс Кеңес Нұрпейісұлының туғанына 95 жыл</i>	АОМА 2268-қор
<i>1935 жыл</i>	Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайының директоры, ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, қоғам қайраткері, ЮНЕСКО жанындағы Халықаралық мұражайлар кеңесінің Кеңес комитетінің вице-президенті <i>Қосмамбетова Райхан Ескендірқызының туғанына 95 жыл</i>	АОМА 965-қор
<i>1935 жыл</i>	М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының әртісі, ҚазКСР еңбек сіңірген әртісі <i>Телеубаев Рахметбай Байназарұлының туғанына 95 жыл</i>	АОМА 948-қор
<i>08.03.1940 жыл</i>	Радиожурналист, «Байқоңыр» ғарыш айлағының ардагері <i>Мұқанов Мұрат Мырзағұлұлының туғанына 90 жыл</i>	АОМА 2305-қор

1	2	3
<i>Іле филиалы</i>		
<i>15.06. 2005 жыл</i>	«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ <i>Іле филиалының құрылғанына 25 жыл</i>	Іле филиалы
<i>Еңбекшіқазақ филиалы</i>		
<i>15.07.1980 жыл</i>	«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ <i>Еңбекшіқазақ филиалының құрылғанына 50 жыл</i>	Еңбекшіқазақ филиалы
<i>Талғар филиалы</i>		
<i>17.10.1995 жыл</i>	«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ <i>Талғар филиалының құрылғанына 35 жыл</i>	Талғар филиалы

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

АОМА – Алматы облысының мемлекеттік архиві

б. – бет

КММ – коммуналдық мемлекеттік мекеме

КСРО – Кеңес Социалистік Республикалар Одағы

ҚазКСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы

ММ – Мемлекеттік мекеме

РММ – Республикалық мемлекеттік мекеме

ҰОС – Ұлы Отан соғысы

ф. – филиал

